

## №2 Хромтау гимназиясы

### Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің қорытындысы

Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне 2 гимназиядан 7 оқушы қатысып, өз білімдерін шыңдап, жүлделі орындарға ие болды. Олар: Пархоменко Катя 9-сынып оқушысы орыс тілі пәнінен 2-орынға ие болды, Ким Алина 10 -сынып оқушысы орыс тілі пәнінен 2-орынға ие болды, Панева Дарья 10 -сынып оқушысы ағылшын тілі пәнінен 2-орынға ие болды, Жумағалиев Диас 9-сынып оқушысы география пәнінен 3-орынға ие болды, Танабергенов Адильшат 9 –сынып оқушысы тарих пәнінен 3-орынға ие болды, Абдуалиева Аян 10-сынып оқушысы тарих пәнінен 4-орынға ие болды және Средин Олег 11-сынып оқушысы қазақ тілі пәнінен 4-орынды иеленді. Олимпиадаға қатысқан оқушылардың жетекшілері де алдын-ала дайындықтарын жүргізді. Оқушыларға жоспар бойынша тапсырмалар беріліп, жоғары деңгейде дайындады.

13 наурыз күні Ақтөбе қаласында Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің жүлдегерлерін марапаттау жиыны өткізілді. Жиын Жұбанов атындағы пед.институттың студенттер сарайында өтті. Жиынға біздің гимназиядан 5 оқушы қатысқан болатын. Оқушылар мадақтама, медальдармен марапатталды.



